



ПРИОЗЕРСКИЙ

18+

№ 13/657

27 марта 2020 года

Вестник

Актуально

ПРЕЗИДЕНТ РК ПОСЕТИЛ РАБОТАЮЩИЙ НАД ВАКЦИНОЙ ПРОТИВ COVID-19 ИЦ БИОТЕХНОЛОГИИ

Президент Казахстана Касым-Жомарт Токаев ознакомился с исследовательской работой ученых Национального центра биотехнологии, сообщает Akorda.kz.

Сотрудники центра представили Касым-Жомарту Токаеву тест-систему на основе полимеразной цепной реакции (ПЦР), которая разработана путем искусственного синтеза ДНК (без "живого" штамма) и позволяет оперативно выявлять коронавирус нового типа. Была подтверждена высокая чувствительность тест-системы по сравнению с зарубежными диагностическими препаратами.

В настоящее время, с учетом необходимости обеспечения биологической безопасности Казахстана и способности COVID-19 приспосабливаться к различным климатическим условиям, учеными Национального центра биотехнологии совместно с Научно-исследовательским институтом проблем биологической безопасности начата работа по созданию вакцины против коронавируса.

Глава государства высоко оценил труд ученых-биологов и отметил важность собственных разработок для повышения компетенций казахстанской науки.

"Лаборатория, по сути дела, является уникальной для Казахстана. Мы возлагаем большие надежды на вашу работу. Будем помогать. Сам вирус и его распространение показали, что государство должно уделять больше внимания деятельности биоло-

гических лабораторий, медицинских и санитарных служб", – подчеркнул Касым-Жомарт Токаев.

стороной те места, где царят оптимизм и жизнелюбие, и люди не унывают. В то же время инфекция пора-



Президент напомнил о необходимости соблюдения требований карантина.

"Обращаясь к гражданам, хочу сказать, что нужно соблюдать карантин. Но, с другой стороны, впадать в панику ни в коем случае нельзя, потому что с древних времен эпидемии обходят

жест тех, кто подвержен депрессии и пессимизму, поэтому надо держаться всем вместе. Что касается заболевших, то они получают соответствующее лечение, и мы будем заботиться о них и о тех, кто находится на карантине", – сказал Глава государства.

Президент отметил, что на заседании Государственной комиссии по чрезвычайному положению был одобрен масштабный план действий, который включает в себя пакет финансовой помощи населению, в том числе представителям бизнеса.

"Общая стоимость этого пакета, исключая налоговые преференции и меры по снижению кредитной нагрузки, – это небывалая сумма, более 10 млрд долларов. И сейчас перед нами стоит задача очень эффективно израсходовать эти средства. Мы будем работать в данном направлении. Обстановка под контролем, наши граждане понимают, что о них заботятся, и это приоритет нашей деятельности", – подытожил свое выступление Касым-Жомарт Токаев.

В ходе посещения центра с докладами выступили министр образования и науки Асхат Аймагамбетов, министр здравоохранения Елжан Биртанов, а также генеральный директор Национального центра биотехнологии Ерлан Раманкулов.

Ранее отечественные научные организации разработали в короткие сроки вакцины против птичьего и свиного гриппа, нодулярного дерматита и векторную вакцину против бруцеллеза. Всего освоено 28 видов вакцин и разработаны технологии диагностических тест-систем, некоторые из них поставляются в зарубежные страны.

Источник: www.akorda.kz

КӘСІПКЕРЛЕР САЛЫҚТАН БОСАТЫЛУЫ МҮМКІН

«Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының аппараты басшысы Нұралы Бөкейханов пен Кәсіпкерлер құқығын қорғау департаментінің директоры Шыңғыс Темір төтенше жағдай кезіндегі кәсіпкерлерге арналған штабтың жұмысы бойынша түсініктеме берді.



Ұлттық кәсіпкерлер палатасы 16 наурызда арнайы жедел штаб құрды. Оған 3 күн ішінде 6 мыңға жуық өтініш түскен. Елдегі жағдайға байланысты компаниялар жұмысшыларын қысқартуға мәжбүр. Кәсіпкерлер шикізаттың жетіспеушілігінен әрі күрт қымбаттауынан зардап шегіп отыр. Соған орай Үкіметтен ғимарат және жер жалдау ақысын төлеу мерзімін ұзартуды, салықтан уақытша босатуды сұрайды.

– Бұл қиындықтардың дені шекараның жабылуы мен арнайы қауіпсіздік шараларын енгізу салдарынан туындап отыр. Жалпы өтініш жіберген компаниялардың 85 пайызы – шағын бизнес, 13 пайызы – орта бизнес, 2 пайызы – ірі бизнес өкілдері. Өтініш жасаған компаниялардың жартысы

Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларына тиесілі, – дейді Н.Бөкейханов.

Кәсіпкерлердің 60 пайызы қаржылай қиындыққа тап болған. Сондықтан кәсіпорындар еңбек ресурстарын сақтауға өтемақы беруді сұрап отыр.

– Айтылған ұсыныстар мемлекеттік

органдарға жіберілді. Олармен арнайы шаралар жүргізіліп жатыр. Ең бірінші қолданылатын шара – кәсіпкерлерді салықтан босату. Алдағы жаңалықтарды кәсіпкерлер atameken.kz порталынан біле алады, – деді Ш.Темір. Оның айтуынша, кейбір банкте тұтынушыларына жеңілдіктер жасаған. Олардың несие бойынша міндеттемелерін 90 күнге кейін шегеріпті. Бүгінде бұл жұмыстарды басқа да банктер қолға алуда.

Айта кетейік, «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы толықтай онлайн режимге көшті. Соған сай кәсіпкерлерге арнайы call-центр ұйымдастырған. Кез келген кәсіпкер 1432 нөміріне хабарласып, көкейдегі сұрақтарына жауап ала алады.

Дерек-көз: www.egemen.kz

YDD CORPORATION ПОДДЕРЖАЛ ОБРАЩЕНИЕ ЕЛБАСЫ

Акционеры предприятия Ерлан Нигматулин, Давид Кемертегидзе и Жармухамед Аппаз приняли такое решение, откликнувшись на обращение Первого Президента Казахстана – Елбасы Нурсултана Назарбаева внести свой вклад в общее дело на благо нашей страны и в противодействие распространению COVID-19.

Карагандинский ферросплавный завод «YDD Corporation» выделил 100 миллионов тенге в Карагандинский областной фонд, созданный для поддержки действий государства в условиях чрезвычайного положения.

– «Сейчас время когда нам всем нужно сплотиться. Наше предприятие не может оставаться в стороне. Мы



готовы приложить все свои усилия для поддержки казахстанцев и экономики нашей страны», – сказал акционер «YDD Corporation» Ерлан Нигматулин.

ОВП, КиРЯ г.Приозерск

“Самое лучшее, что вы можете дать своему врагу - прощение; оппоненту - терпимость; другу - ваше сердце; ребёнку - хороший пример; отцу - уважение; матери - поведение, благодаря которому она будет гордиться вами; себе - уважение; всем людям - милосердие.”

Бенджамин Франклин

Если люди не научатся помогать друг другу, то род человеческий исчезнет с лица земли.

В. Скотт

Кто слишком долго думает о том, чтобы делать добро, тому нет времени быть добрым.

Р. Тагор

**АБАЙ ЖАЙЛЫ НЕ БІЛЕСІЗ?****БІТЕР ІСТІҢ БАСЫНА...**

Елімізде ақын, дана, сөз зергері Абай бабамыздың 175 жылдық мерейтойы мәдени-көпшілік шара ретінде аталып отыр. Бұған өзін нағыз қазақтың дейтін әрбір азамат қал-қадерініне үлес қосуға міндетті және оны өзінің парызы деп білуі тиіс. Әр қазақ Абайдың өлең-жырларын, дастандары мен қара сөздерін оқыған сайын, өзінің таным-мүсінінің арта түсінетініне кәміл сенемін. Осы орайда бүгінгі заман ұрпақты қаншалықты танып, біліп жүр деген заңды сұрақ туындайды. Сондықтан данышпан бабамыз туралы газетіміздің жас буын ұрпақтарына аз да болса мәлімет бере кетуді ойластырдық.

Абай өлең жазуды 10 жасында «Кім екен деп келіп ем түйе қуған...» бастағанын біреу білсе, біреу білмейді. Одан басқа ертеректе жазылған өлеңдері – «Йузи-рәушән», екіншісі «Физули, Шәмси». «Сап, сап, көңілім», «Шәріпке», «Абралыға», «Жақсылыққа», «Кен жайлау» өлеңдері 1870-80-жылдар аралығында жазылған. Ақындық қуатын танытқан, елге белгілі еткен үлкен шығармасы – «Қансонарда» 1882-жылы жазылады. Бұған дейін Абай өз өлеңдерін досы әрі әріптесі Көкбайдың атынан жариялап жүреді. Алайда жасы қырыққа келгеннен кейін ғана көркем әдебиетке шындап ықылас қойып, көзқарасы қалыптасып, сөз өнерінің халық санасына тигізер ықпалын түсінеді. Шығармалары үш жүйемен өрбиді: бірі – өз жанынан шығарған төл өлеңдері; екіншісі – ғажалия (немесе Абайдың қара сөздері) деп аталатын прозасы; үшіншісі – өзге тілдерден, әсіресе орыстың танымал ақындарынан аударған өлеңдері.

Абай өлеңдері түгел дерлік лирикадан құралады, поэма, дастан жанрына көп бой ұрмағаны байқалады. Қысқа өлеңдерінде табиғат бейнесін, адамдар портретін жасауға, ішкі-сыртқы қылық-қасиеттерін, мінез-бітімдерін айқын суреттермен көрсетуге өте шебер болғандығын Абай өлеңдерін оқып жүргендіктен біз де жақсы білеміз. Қай өлеңінен де қазақ жерінің, қазақтың ұлттық сипатының ерекшеліктері көрініп тұрады. Ислам діні тараған Шығыс елдерінің әдебиетімен жақсы танысу арқылы өзінің шеберлік-шалымын одан әрі шыңдайды. Шығыстың екі хикаясын «Масғұт» және «Ескендір» деген атпен өлеңге айналдырады. Ислам дініне өзінше сенген діни таным жайындағы философиялық көзқарастарын да өлеңмен жеткізеді. Абайдың дүниетанудағы көзқарасы XIX ғасырдың екінші жартысында Қазақ халқының экономикасы мен ой-пікірінің алға ұмтылу бағытта даму ықпалымен қалыптасты. Дүниетану жолында

сары-орыстың төңкерісшіл демократтарының шығармаларын оқып, өз дәуірінің алдыңғы қатарлы ой-пікірін қорытып, басқаларға қазақ өміріндегі аса маңызды мәселелерді түсіндіруге қолданады. Дүниетану мәселесінде екі қасиеттің – сезім мен қыйсынның, түйсік пен ақылдың қатынасын таразылайды. Сондықтан да: «Ақыл сенбей сенбеңіз, Бір іске кез келсеніз» деп жазады.

Кез келген халықтың тарих сахнасына шығуы – жүйеге бейімделген біртектес өмір салттың ғана нәтижесі емес, сонымен бірге қасиеттік деп саналатын арман-аңсардың (идеал) да біртұтастығына айғақ. Олай болса Абай сынының тәлкегіне түскен еріншектік, дарақылық, жалқаулық, күншілдік, өтірікшілік, өсекшілдік, мақтаншақтық, жағымпаздық, жікшілдік сияқты қасиеттер қазақ баласының кейбірінің бойындағы туа біткен кемшілік емес, сол Абай өмір сүрген қоғамдағы саяси әлеуметтік қатынастардың нәтижесі екеніне ден қою қажет. Сонда, Абай бұрынғы бабаларымыздың бойынан көрген «кемшіліктерді» себеп ретінде емес, сол замандағы саяси-әлеуметтік қатынастардың салдары ретінде қарастыруға жол ашқан. Көзі қарақты оқырман Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Абай ақынның 175 жылдық мерейтойы қарсаңында жарияланған «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласын оқыған болар деп топшылаймыз. Осы мақалада: «Биыл Абай Құнанбайұлының туғанына 175 жыл толады. Халқымыздың ұлы перзентінің мерейтойын лайықты атап өту үшін арнайы құрылған комиссия дайындық жұмыстарын бастап кетті. Мемлекет көлемінде және халықаралық деңгейде ауқымды іс-шаралар ұйымдастыру жоспарланып отыр. Бірақ мұның бәрі той тойлау үшін емес, ой-өрісімізді кеңейтіп, рухани тұрғыдан дамуымыз үшін өткізілімек. Абай Құнанбайұлы ғұлама, ойшыл, ақын, ағартушы, ұлттың жаңа әдебиетінің негізін қалаушы, аудармашы, композитор ретінде ел тарихында өшпес із қалдырғаны сөзсіз. Оның өлеңдері мен қара сөздерінде ұлт болмысы, бітімі, тұрмысы, тіршілігі, дүниетанымсы, мінезі, жаны, діні, ділі, тілі, рухы көрініс тауып, кейін Абай әлемі деген бірегей құбылыс ретінде бағаланды. Өткен жылы Абайдың шығармаларынан үзінді оқу эстафетасы өтті. Ләйлім атты оқушы қыз ұсынған бұл елдік шараға мен де қатысып, қолдау көрсеттім. Мектеп оқушыларынан ел азаматтарына, тіпті әлемдік деңгейдегі танымал тұлғаларға дейін зор қызығушылық танытып, лезде іліп әкеткен бұл бастама бірнеше айға ұласты. Соның арқасында бүкіл Қазақстан Абай мұрасын тағы бір зерделеп шықты. Бұл – Абайға деген құрмет әрі ұрпақты тәрбиелеудің тиімді тәсілі. Абай жырларын оқу челленджі биыл, ақын мерейтойы тұсында жаңаша жанданады деп сенемін», - дейді мемлекет басшысы. Осынау бастамадан біз де, біздің қаланың тұрғындары да тыс қалмауы тиіс деп ойлаймыз!

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,
ҚР журналистер Одағының мүшесі.

Ауыл-елдің көркеюі, халқының жақсы өмір сүруі – оны басқарып отырған басшыға тікелей байланысты екені даусыз. Сонымен бірге жақсы әкім халықпен тонның ішкі бауындай араласа жүріп қызмет еткенде ғана оның абыройы асқатайды, беделі биіктей түседі. «Ауылына қарап, азаматын таны», - дейді халық. Ауылдың да, қаланың да өсіп-өркендеуіне сол жердің тұрғындары өз үлестерін қоса жүрсе, ел ағасы – әкіміне үлкен көмек әрі осыдан-ақ елдің ауызбіршілігі танылады. «Жақсының жақсылығын айт, нұры тассын», - демекші, әкімдердің де арасында халыққа жағымды, жағымсызы қатар жүретіні де заңдылық. Және де әкімдердің ең бірінші сыншысы – халық, тұрғындар. Халық қашанда да басшылар мен әкімдерді істеп жатқан істері мен жасап жатқан жұмыстарына қарай таразылап, бағалайды.

1995-жылдан бергі кезеңде Приозерск қаласына әкім құтаймағаны әсіресе, бізге, қала тұрғындарына жақсы белгілі. Өмірін қайта бастаған жаңа қаланың құлдырап кеткен шаруашылығын қайта қалыптастырудың өзіндік қиындықтары болғанын да жоққа шығара алмаймыз. Әйтеуір, шаруасы бір дөңгелене қоймаған қалаға дұрыс басшы келуін күткен әрі тілеген тұрғындардың 2012-жылдың күзінде қалаға әкім болып тағайындалған, сол кезде қырыққа жете қоймаған жас әкім келгеннен кейін ғана көздері ашылды деуге болады. Облыстық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығынан келіп тағайындалған әкім Қайрат Амангелдіұлы Қамзиннің бір ерекшелігі – сол кезде сәнге айналған немесе өздеріне ыңғайлы болған өз командаларын ерте келу үрдісін бұзғандығы. Жалғыз өзі келіп, орынтаққа жайғаса сала жергілікті мамандармен бірге, халықпен де, қаланың тыныс-тіршілігімен де танысып, біте қайнасып, араласып кетті. Үнемі қарапайым қалпында, жымиып қана жүретін жас әкім келісімен қаланың барлық кәсіпорын, мекемелерімен түгел танысып шықты. Ол кезде қалалық тілдерді дамыту бөлімінде қызмет жасап жүрген менің де ол кісімен танысып, әңгімелесудің сәті түсті. Жаңадан келген басшы түгіл, үйіне келген қонаққа да әуелі жатырқай қарайтын әдетімізбен, әу басында оған да: «жап-жас жігіт халықпен қалай араласып, қаланы қалай басқарар екен, кетуі кеткен қаланы қалай жөнге келтірер екен?..», - секілді күдікті сауалдың әр кеудеде тұрғаны рас енді...

Міне, одан бері арадан зулап 8 жыл өтті. Жоғарғы жақтағылардың 4 жыл сайын әкімдерді ауыстырып тұратын қалыпты жағдайдан асып кетті. Жұрт бұны Қ.А.Қамзиннің қаланы дамытудағы істеп жатқан жарқын жұмыстарынан, тұрғындармен және қарауындағы қызметкерлермен тіл табыса қызмет етуінен деп біледі. Жыл сайын жаңарып, жаңғырып, өсіп-өркендеп келе жатқан қаламыздың дамуы мен алға басыуында осы адамның ерен еңбегі, үлкен қызметі, көпті ұйымдастыра білуі, адамгершілігі мен азаматтығы бар екендігін жұрт жақсы ұғады. Қаладағы атқарылып жатқан қыруар жұмыстың барысы туралы әлеуметтік желіде жарияланып келе жатқандықтан, Фейсбук оқырмандары одан хабардар.

Қайрат Амангелдіұлының әкім болып орынтаққа отырғанына 6 ай толғанда бір жиында кездесіп қалып, әңгімелескенімиз



барды. Ол кезде мен газетте қызмет етіп жүргенмін. Амандасып, жөн білісу жоралғысынан соң, өлең-жырларымын қалай жазылып жатқанын, кітапқа толғатын өлеңдер бар-жоғын сұрастырды. Мен өлеңдер жазылып жатқанын, кітап шығаруға жететінін жырларым барын қысқаша ғана айттым және қолдайтын демеушілер болса жарық көруге кітаптың дайын екендігін жеткіздім. «Олай болса, өлеңдеріңізді топтастырып, жинақтай беріңіз, тағы бір жыр жинағыңызды шығарайық», - деген әкімнің сөзіне әрі таңданып, әрі марқайып қалдым. Осылайша ол кісінің ұйымдастыруымен 2013-жылдың жазында «Көңіл күнделігі» атты жыр жинағым жарыққа шықты. Өткен 2019-жылы да Қ.А.Қамзиннің ұсынысымен хәм қолдауымен қалалық, облыстық, республикалық баслымдарда бұрын жарияланған мақала, очерк, естеліктерімің басын біріктірген прозалық кітапты Қарағанды қаласындағы бұрынғы жыр жинағым шыққан «Гласир» баспасынан жарыққа шығарды. Кітапты шығаруға қаладағы белгілі кәсіпкерлер Талғат Қарабаев, Муса Әбдімүтәліпов, Насыба Нарбекқызы, Сәбит Әбдімүтәліпов, Мұрат Нарымбетов және тараздық досым Әлім Тәуеновтер хал-қадерінше демеушілік етіп көмек қолдарын созғандығын айта кеткенім жөн болар. Қаражаттың көлеміне қарай 400 данамен шыққан кітаптың біраз бөлігін қалалық кітапханаға, мектептердің кітапханаларына тегін тапсырдым. Туған жеріме елушақты кітап жеткізіп бердім. Қалғанын менің сүйікті оқырмандарым алды және дос-жаран, туған-туыс, таныс-білістерге таратылды. Қаланың мәдениетіне, оның дамуына, ақын-журналист-жазушыларына, жалпы шығармашылық адамдарына бейжай қарамайтын басшының болғаны қандай жақсы! Біздің қалада ақынның іздейтін әкім барын, оның басқаларға да үлгі әрі жұғысты болуын айтқым келеді, Сіздерге: «Бітер істің басына, жақсы келер қасына», - деген халық даналығы осындайда айтылса керек.

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,
журналист-ақын,
ҚР журналистер Одағының мүшесі.
Суретте: қала әкімі Қ.Қамзин.

**2020 ЖЫЛҒЫ
«ТЕГІН ЗАҢҒЕРЛІК КЕҢЕСТЕР.
ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТТЫЛЫҚ»
ТАҚЫРЫБЫ БОЙЫНША
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ НАУҚАН**

Тегін заңгерлік кеңестер, проблемалық банктік несиелер, және қарыздар мен басқа да құқықтық мәселелерден туындаған сот ісін жүргізуге байланысты мәселелерді шешу үшін «Сарыарқа» заң кеңесшілерінің құқықтық орталығы қоғамдық бірлестігіне жүгініңіздер, Whatsarr-қа:
+77027014429 (қазақ тілінде);
+787018709889, +77019769889 (орыс тілінде) телефондары арқылы хабарласуға болады.

Приозерск қ. әкімі аппараты

**РЕСПУБЛИКАНСКАЯ АКЦИЯ
«БЕСПЛАТНЫЕ ЮРИДИЧЕСКИЕ
КОНСУЛЬТАЦИИ.
ПРАВОВАЯ ГРАМОТНОСТЬ»
ПО КАЗАХСТАНУ НА 2020 ГОД**

По вопросу бесплатных юридических консультации по проблемным банковским кредитам и решению проблем по исполнительному производству, возникшему из-за долгов и другим правовым вопросам, обращайтесь в общественное объединение «правовой центр юридических консультантов» Сарыарка», по номерам WhatsApp:
+77027014429 (на государственном языке);
+77018709889, +77019769889 (на русском языке)

Аппарат акима г.Приозерск



ОБЕСПЕЧЕНИЕ ДОКАЗАТЕЛЬСТВ



Согласно статьи 98 Закона Республики Казахстан «О нотариате» нотариус обеспечивает доказательства, необходимых в случае возникновения дела в суде или другом компетентном органе.

Так, в соответствии с действующим законодательством нотариус по обращению заинтересованных лиц, имеющих основания полагать, что представление необходимых для них доказательств впоследствии станет невозможным или затруднительным, принимает меры по обеспечению доказательств до возбуждения дела в суде или ином административном органе.

Нотариус не обеспечивает доказательства по делу, которое в момент обра-

щения заинтересованных лиц к нотариусу находится в производстве суда или другого компетентного органа.

Данное правило не применяется, если доказательства должны быть представлены в органы иностранного государства. В этих случаях обеспечение доказательств производится независимо от того, находится ли дело в производстве органов иностранного государства в момент обращения заинтересованного лица.

Заинтересованное лицо предъявляет нотариусу заявления с изложением обстоятельств, указанием объекта или обстоятельства, которое будет служить в качестве доказательств, а также указываются сведения о том, что в суде или ином административном органе не имеется возбужденного дела. При принятии заявления нотариус свидетельствует подлинность подписи заинтересованного лица на заявлении. Нотариус разъясняет заинтересованному лицу, что в случае, если обеспечение доказательств будет произведено после возбуждения дела в суде или ином административном органе, такое обеспечение в соответствии с требованиями законодательства не будет иметь силы.

Вопрос об обеспечении доказательств решается нотариусом каждый раз с учетом конкретных обстоятельств. При решении вопроса о необходимости обеспечения

доказательства нотариус выясняет, как велика и реальна степень угрозы затруднения или невозможности получения доказательств в будущем. В случае, если нотариус придет к выводу о необоснованности заявления об обеспечении доказательств, он отказывает в совершении данного нотариального действия.

Нотариус в порядке обеспечения доказательств опрашивает граждан, производит осмотр документов и предметов, а при необходимости назначает экспертизу.

При выполнении процессуальных действий по обеспечению доказательств нотариус руководствуется нормами гражданского процессуального законодательства Республики Казахстан.

Нотариус извещает о времени и месте обеспечения доказательств всех заинтересованных лиц, однако их неявка не является препятствием для выполнения действий по обеспечению доказательств. Без извещения заинтересованных лиц обеспечение доказательств возможно в случаях, не терпящих отлагательства, либо когда нельзя заранее определить, кто будет впоследствии участвовать в деле.

При допросе свидетеля в порядке обеспечения доказательств нотариус составляет протокол, который подписывается допрашиваемым, а также подписы-

Консультации нотариуса

вается участвующими в допросе лицами и нотариусом.

Письменные и вещественные доказательства обеспечиваются путем их осмотра. Осмотр может производиться по месту нахождения доказательств, которые не могут быть доставлены к нотариусу. Осмотр может быть соединен с экспертизой, для чего вызывается эксперт, для разъяснения вопросов, требующих специальных познаний в области науки, техники, искусства и т.д. О результатах которого также составляется протокол, который подписывается участвующими в осмотре лицами и нотариусом, заключение эксперта подписывается экспертом.

По окончании производства по обеспечению доказательств заинтересованному лицу выдается по одному экземпляру каждого документа, составленного в порядке обеспечения доказательств, по одному экземпляру остается в делах нотариального органа.

Заинтересованное лицо, обратившееся с заявлением об обеспечении доказательств, оплачивает вознаграждение экспертам и другие расходы, произведенные в связи с совершением данного нотариального действия.

С.С. Карабеков,
частный нотариус города Приозерск,
почетный юрист Казахстана

Новости культуры

В Карагандинской области на время действия режима ЧП закрыты все театры и музеи. Чтобы не лишиться жителей региона возможности смотреть спектакли и узнавать что-то новое и интересное о своей родине, все они перешли в формат онлайн-трансляций, передает корреспондент МИА «Казинформ».

Карагандинский академический театр музыкальной комедии уже начал интернет-вещание. 25 и 26 марта в прямом эфире в Instagram показали детские спектакли «Три веселых гнома» и «Теремок». В целом, трансляции посмотрели более 500 человек.

В ОНЛАЙН-РЕЖИМ ПЕРЕХОДЯТ ТЕАТРЫ И МУЗЕИ КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

«Мы получаем много положительных отзывов, зрители довольны. Сейчас решаем вопрос о трансляции взрослых вечерних спектаклей», - рассказывает заведующая литературной частью театра музыкальной комедии Наталья Морозова.

За расписанием эфиров и новостями театра можно следить на странице театра в Instagram - @katmk.kz.

Карагандинский казахский драматический театр им.Сейфуллина также готовится к переходу на онлайн-вещание. В ближайшее время на страницах театра в

соцсетях начнется голосование. Зрители сами смогут выбрать спектакли, которые будут транслироваться в интернете.

Узнать расписание эфиров и новости театра можно в Instagram - @teatr_saken_seyfullin.

Виртуальные экскурсии доступны в пяти музеях региона. «Прогуляться» по залам не выходя из дома можно на сайтах Жезказганского историко-археологического музея, Темиртауского городского историко-краеведческого музея, Историко-культурного центра Первого Президента РК в Темиртау и

Музея памяти жертв политических репрессий в Долинке.

Виртуально сходить на экскурсии в музеи можно по следующим ссылкам: - Жезказганский историко-археологический музей - https://youtu.be/AyrAemr_rRY; - Темиртауский городской историко-краеведческий музей - <https://youtu.be/4g71zxIYkVM>; - Историко-культурный центр Первого Президента РК - temcenter.kz; - Музей памяти жертв политических репрессий поселка Долинка - karlagmuseum.kz.

Источник: <https://www.inform.kz>

СЕНИМ ТЕЛЕФОНДАРЫ

ТЕЛЕФОНЫ ДОВЕРИЯ

“Приозерск қалалық мәслихатының аппараты” мемлекеттік мекемесі сенім телефоны 5-49-16

Мәслихат хатшысы азаматтарды жеке мәселелері бойынша күн сайын, демалыс күндерінен басқа, сағат 17.00 ден 18.00 ге дейін қабылдайды.

Телефон доверия ГУ “Аппарат Приозерского городского маслихата” 5-49-16

Секретарь городского маслихата принимает граждан по личным вопросам ежедневно с 17.00 по 18.00 часов, кроме выходных

“Приозерск қаласы әкім аппараты” ММ сенім телефоны 5-41-53

Азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты: Қала әкімі - әр аптаның дүйсенбі күні сағат 17.00 ден бастап. Әкім орынбасары (коммуналдық сала) - әр аптаның сейсенбі күні сағат 17.00 ден бастап. Әкім орынбасары (әлеуметтік сала) - әр аптаның сәрсенбі күні сағат 17.00 ден бастап

Телефон доверия ГУ “Аппарат Акима города Приозерск” 5-41-53

График приема граждан: Аким города - еженедельно по понедельникам с 17.00 часов Заместитель Акима (коммунальная сфера) - еженедельно по вторникам с 17.00 часов

Заместитель Акима (социальная сфера) - еженедельно по средам с 17.00 часов.

«Приозерск қаласының ветеринария бөлімі» мемлекеттік мекемесінің сенім телефонының нөмірі: (871039)5-32-45

Бөлім басшысының азаматтарды қабылдау кестесі - Әр аптаның дүйсенбі-бейсенбісі сағат 16.00 ден бастап 18.00 дейін

Телефон доверия ГУ «Отдел ветеринарии города Приозерск», (871039)5-32-45

График приема граждан руководителем отдела – Еженедельно понедельник- четверг с 16.00 до 18.00 часов.

«Приозерск қаласының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесінің сенім телефоны 5-30-82

Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты - сейсенбі, бейсенбі күндері сағат 17.00 ден 18.00 ге дейін

Телефон доверия ГУ «Отдел внутренней политики, культуры и развития языков города Приозерск» 5-30-82

График приема граждан по личным вопросам руководителя отдела – по вторникам и четвергам с 17.00 до 18.00 часов

“Приозерск қаласының тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі” ММ сенім телефоны 5-28-57

Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты - күн сайын сағат 17.00 ден 18.00 ге дейін.

Телефон доверия ГУ “Отдел жилищно - коммунального хозяйства, пассажирского транспорта, автомобильных дорог и жилищной инспекции города Приозерск” 5-28-57

График приема граждан руководителем отдела ежедневно с 17.00 до 18.00 часов.

«Приозерск қаласының жер қатынастары, сулет және қала

құрылысы бөлімі» ММ сенім телефоны: 5-32-48

Телефон доверия ГУ «Отдел земельных отношений, архитектуры и градостроительства города Приозерск»: 5-32-48

«Приозерск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің сенім телефоны 5-48-77. Бөлім басшысының азаматтарды жеке қабылдау уақыты - күн сайын сағат 17.00-ден 18.00-ге дейін.

Телефон доверия ГУ «Отдел занятости и социальных программ г. Приозерск»: 5-48-77.

График приема граждан по личным вопросам руководителя отдела – ежедневно с 17.00 до 18.00 часов.

“Приозерск қаласының білім бөлімі” ММ сенім телефоны: 5-32-92 Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты сәйсенбі күні: 16.00 ден 18.00-ге дейін

Телефон доверия ГУ “Отдел образования города Приозерск” 5-32-92 График приема граждан руководителем отдела вторник: с 16.00 до 18.00 часов

«Приозерск қаласының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» ММ сенім телефоны 5-32-99

Бөлім басшысының азаматтарды қабылдау кестесі - сәрсенбі сағат 17.00ден 18.00ге дейін.

Телефон доверия ГУ «Отдел предпринимательства и сельского хозяйства города Приозерск» 5-32-99

График приема граждан руководителем отдела - среда с 17.00 до 18.00 часов

«Приозерск қаласының құрылыс бөлімі» ММ сенім телефоны 5-20-17, 5-32-18.

Бөлімнің басшысының азаматтарды қабылдау кестесі – дүйсенбі – жұма сағат 16.00 ден 18.00 ге дейін.

Телефон доверия ГУ «Отдел строительства города Приозерск» 5-20-17, 5-32-18.

График приема граждан руководителем отдела - понедельник – пятница с 16.00 до 18.00 часов

«Приозерск қаласының дене шынықтыру және спорт бөлімі» ММ – нін сенім телефоны 5-29-62.

Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты: сәрсенбі күні: 17.00 ден және жұма күні: 18.00 ден бастап

Телефон доверия ГУ «Отдела физической культуры и спорта города Приозерск» 5-29-62.

Личный прием граждан руководителем отдела: среда с 17.00, Пятница с 18.00 час.

“Приозерск қаласының экономика және қаржы бөлімі” РММ сенім телефоны: 5-32-19, 5-24-87

Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтармен қабылдау уақыты - күн сайын сағат 17.00ден бастап.

Телефон доверия ГУ “Отдел экономики и финансов города Приозерск” 5-32-19, 5-24-87

График приема граждан руководителем отдела - ежедневно, с 17.00 часов.



ТУРҒЫНДАРДЫҢ НАЗАРЫНА

ҚҰРТ АУРУЫН ҚҰРЫҚТАУ - ӨЗ ҚОЛЫМЫЗДА

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының деректері бойынша әлемде әр күн сайын өкпе дертін 5000-нан 8000 адамға дейін ажал құшады екен. Яғни, әр сағат сайын 300-ден аса адам өледі деген сөз, туберкулездің адам өміріне төндірген қаупін медицина саласының мамандары әр сағат сайын апатқа ұшыраған «Боинг-747» ұшағының зардаптарымен бірдей деп бағалауда.



Соңғы кезде елімізде аталған індеттің алдын алуға бағытталған іс-шаралар ауқымды түрде атқарылып жатыр. Жер-жерлерде денсаулық сақтау мекемелері тұрғызылып, медициналық қызмет сапасына мән беріле бастады.

Қазіргі кезде Приозерск қаласы көлемінде туберкулезге қарсы айлық жүріп жатыр. Құрт ауруы - жұқпалы ауру. Егер, дұрыс емделмесе, ол науқас адамды ұзақ уақыт еңбекке жарамсыз етіп мүгедек қылады және өлімге әкеліп соқтырауы мүмкін. Өкпе туберкулезінен ауыратын, әрі емделмей жүрген адам жөтелгенде, түшкіргенде микробтар тарата отырып жылына 10-25 сау адамға жұқтыруы жағап емес.

Туберкулез - қауіпті ауру. Дұрыс емделмесе, ауырған адамдардың жартысынан көбі бір жыл ішінде осы жұқпадан өледі. Құрт ауруының қандай белгілерін білу қажет?

Туберкулез көбінесе өкпені зақымдайды. Оның белгілері:

-әдеттегі дәрілермен емдегенде жазылмайтын 3 аптадан артық уақытқа созылған жөтел;

- жалықты немесе ірінді, кейде қан аралас қақырықтың түсуі;

- кеуденің ауруы;

- Косымша белгілері:

- жалпы әлсіздік;

- тәбеттің нашарлауы;

- жүдеу;

- дене қызуының үздік-үздік көтерілуі, қалтырау;

- әсіресе түнде қатты терлеу.

Құрт ауруы анықталған науқас адам міндетті түрде ауруханаға жатып емделуі керек.

Туберкулез, яғни, құрт ауруының алдын алу үшін:

-бала туғанда міндетті түрде БЦЖ вакцинасын жасату және 6-7 жасында, яғни, 1-ші сыныпқа барғанда қайта ревакцинация жүргізу;

-туберкулезбен ауыратын науқастың жанұясындағы қарым-қатынаста болған мүшелерін тегіс профилактикалық тексерістен өткізу;

- дұрыс, нәрлі тамақтану;

-организмді шынықтыру, спортпен айналысу, салауатты өмір салтын ұстану;

-шылым шегіп, арақ ішпеу, СНЮС пайдаланбау, нашакорлыққа салынбау

-өкпе туберкулезінің жасырын өтіп жатқан формасын кәдімгі флюорографтың көмегімен тексеру арқылы табуға болады.

-жыл сайын өтетін профилактикалық флюороотексерістен қалмаңыз.

Сіздің денсаулығыңыз - өз қолыңызда.

Приозерск қалалық тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасын бақылау басқармасы

К СВЕДЕНИЮ НАСЕЛЕНИЯ

ПЕСТИЦИДТЕРДІҢ ҚАУІПСІЗДІГІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

2008 жылдың 29 мамырдағы «Пестицидтердің қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» туралы Қазақстан Республикасының техникалық регламенті күшіне енді. Пестицидтер дегеніміз – зиянды организмдерге және аса қауіпті зиянды организмдерге қарсы, сондай-ақ өнімді жинар алдында кептіру, жапырақтарын түсіру және өсімдіктердің өсуін реттеу үшін қолданылатын химиялық, биологиялық және басқа да заттар болып табылады.

Пестицидтерді пайдалану ауылшаруашылық өнімдерін 18-20% сақтайды. Оларды пайдаланбай өнім алуға мүмкіндік жоқ, себебі зиянкестер өте көбейіп жатыр. Қазақстан Республикасының аумағында айналымға түскен пестицидтер мемлекеттік тіркеуден өтеді және Қазақстан Республикасының аумағында қолдануға рұқсат етілген пестицидтердің тізіміне енгізіледі. Пестицидтердің әрбір партиясы буып-тиюге, таңбалауға, зат белгі жапсыруға және оларды дұрыс түсіруге қойылатын техникалық регламенттің талаптарына сәйкес буып-түйіледі және таңбаланады. Пестицидтерді таңбалау үшін ілеспе құжаттарға өндіруге сәйкес және нақты пестицидтерді, оның ішінде пестицидтермен жұмыс істегенде туындайтын апат (төтенше) жағдайларда, қауіпсіз қолдану шаралары туралы барлық қажетті ақпарат пайдаланылады.

Пестицидтерге арналған орамалар мен ыдыс өнімді қауіпсіз сақтауды, тасымалдауды және өткізуді қамтамасыз етеді. Пестицидтермен жұмыс істеу нақты препараттарға арналған нормативтік немесе техникалық құжаттамада көрсетілген жеке қорғаныс құралдарын пайдалана отырып жүргізіледі. Сонымен қатар, пестицидтерді шашылған немесе төгілген күйде қалды-

руға болмайды. Ластанған үй-жағдайларды жинау ыдыстың затбелгі жапсырмасында көрсетілген залалсыздандыру жөніндегі талаптарға сәйкес жүзеге асырылады. Ал, пестицидтерді тасымалдау үшін пайдаланылған көлік алдын ала тазартылмай және залалсыздандырылмай басқа жүктерді тасымалдауға жол берілмейді. Пестицидтермен жұмыс істеген кезде жұмыс орынында темекі шегуге, ашық отты пайдалануға, тамақ ішуге болмайды. Қорыта айт-



қанда, пестицидтердің адам организміне зиян екенін, табиғи процестерді бұзып, қоршаған ортаны ластайтынын ескеріп, оны өте сақтықпен пайдаланған жөн.

Туындаған сұрақтар болса Пушкин көшесі 9/2 үйде (Қазпошта ғимараты) 2 этажда орналасқан Приозерск қалалық аумақтық инспекциясының өсімдіктерді қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторына мына телефон бойынша 8 (710 39) 540 06 хабарласуларыңызға болады.

Сабденбекова Г.К. КР АШМ АӨК МИК Приозерск қалалық аумақтық инспекциясының өсімдіктерді қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторы

Будьте здоровы!

ПИЦЦА ДҰА: ҚАКИЕ ПРОДУКТЫ ПРЕДПОЧИТАЕТ НАШ МОЗГ

Согласно научным данным, мозг потребляет большую часть энергии, поступающей в организм с пищей. Так какую же пищу стоит выбрать, чтобы надолго сохранить твердый ум и трезвую память?

Что бы там ни говорили диетологи, а больше всего наш мозг любит вкусную и калорийную пищу, сообщает РИА Новости. Это именно он старается, чтобы хозяин ел побольше и посытнее.

Однако, как выяснили ученые из Йельского университета (США), диета с большим количеством жиров вызывает в мозгу воспалительные процессы и ведет к его угнетению. Более того, злоупотребление жирной пищей влияет и на умственные способности будущего потомства.

А вот привычка начинать день с чашечки кофесогласно недавним исследованиям, неплохая профилактика болезни Паркинсона и Альцгеймера.

В частности, канадские ученые в ходе исследований выяснили, что болезнь Альцгеймера лучше всего тормозит кофе сильной обжарки. Причем, сам кофеин не имеет к этому процессу никакого отношения. Активную роль в этом процессе играют фенилинданы — органические соединения, образующиеся при обжарке зерен.

А вот ученые из Ратгерского универ-

ситета (США) выяснили, что аналогичным образом работает производное нейротрансмиттера серотонина — ЕНТ, образующееся в восковой смазке кофейных зерен. Это соединение предотвращает накопление вредных белков, вызывающих слабоумие на фоне болезни Паркинсона (деменцию с тельцами Леви). Причем в сочетании с кофеином эффект ЕНТ оказывается сильнее.

Чтобы мозг всегда был бодр и активен, исследователи из Медицинской школы Гарварда советуют потреблять больше растительных белков и рыбы, выбирать продукты с высоким содержанием хороших (ненасыщенных) жиров — например, оливковое или льняное масло вместо маргарина. Мозг любит все, что полезно для сердца, снижает давление и защищает кровеносные сосуды.

Основываясь на свежих данных научных исследований, специалисты составили список из пяти продуктов, которые особенно богаты полезными для мозга компонентами: омега-3 жирными кислотами, витаминами, антиоксидантами. Если употреблять их регулярно, это поможет сохранить и даже улучшить мыслительные способности. Это зелень (листовая капуста, брокколи, шпинат), жирная рыба, ягоды, орехи, чай и кофе.

Источник: <https://esquire.kz/>

Неравнодушные

20 ТЫСЯЧ МАСОК РАЗДАЛИ ВОЛОНТЕРЫ ЖИТЕЛЯМ ШЫМКЕНТА

КАЗИНФОРМ – На акцию раздачи масок были привлечены около 100 волонтеров города Шымкента. Волонтеры раздали 20 тысяч медицинских масок и 600 штук витаминов аскорбиновой кислоты для детей.

Компания Mega farm проявила инициативу, чтобы провести эту акцию в двух городах – Нур-Султан и Шымкент. В Шымкенте маски раздавали в местах скопления людей – на Арбате в районе аль-Фараби, базар «Янги сахар» в Абайском районе, в торговом центре «Север» в Енбекшинском районе и населенных пунктах Кайнарбулак, Сайрам в Каратауском районе. Напомним, сегодня



также в рамках движения #Birgemiz столичные волонтеры раздали жителям 30 тысяч медицинских масок.

Источник: <https://kazinform.kz/>

ОБЪЯВЛЕНИЕ * НЕДВИЖИМОСТЬ * ОБЪЯВЛЕНИЕ

ПРОДАЮ ДОМ

Цена– 9 000 000 тенге. Возможен торг.
г. Караганда, (город, пр. Кольцевой), 3 комн. - 120 м2.
Ванна, центральная канализация,
отопление на твердом топливе.
Огород 6 сот., сарай, гараж, хоз.постройки.
Тел.: 87070343737,
(87212)44-30-35

Собственник: ИП Струментов А.В.
Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в Министерстве связи и информации Республики Казахстан 15.03.2004 г. №4843-Г. Свидетельство о переучете ППИ № 17414-Г от 24.12.2018 г.
Адрес редакции: 101100 г. Приозерск, ул. Космонавтов, д.5-106.
Справки по тел. +7-705-981-86-79 (Гл. редактор), +7-702-604-02-60 (тех. редактор)
E-mail: prz_westnik@mail.ru **Веб-сайт:** www.prz_westnik.kz
Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда, ул. Сатпаева 15, Заказ № 13/657. Тираж: 500 экз., объем-1 п.л., формат - А2, 4 стр.

Главный редактор: Кенжебеков Б.А.
Технический редактор: Струментов А.В.
Для подачи частных объявлений и рекламы обращаться по тел: +7-705-466-60-63
Корреспонденция принимается на электронный адрес: prz_westnik@mail.ru

Газета распространяется в местах продажи газет и журналов (киоски печати, магазины, рынки), в редакции и частными распространителями в г.Приозерске и г.Караганде, а также по подписке во всех городах и районах области.
Подписной индекс - 65041
Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.